


TURKISTAN

## Адам жанының тамыршысы

Шын сөзіміздің иесі, төл тума туындыларымен жұртына танылған, бұгінгі күндегі өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қарымды қаламгерлердің бірі – Қуаныш Жиенбай деп білеміз.



Балалық кезеңіне күә болмасақ та, бота тірсек боз жігіт күндеріне күә болған, қылаусыз ішкі жан дүниемізben ұғысып, сөзіміз шығысып келе жатқан, қанаттас азаматтың сәтімен жалғасқан әр қадамы біз үшін кемел шақтай көрінетін. Содан бері де елу жылдарай уақыт өте шығыпты. Енді сол жылдарға қарап отырсақ, замандасымыз көш ілгері кеткен екен. Мұндай риясыз шын сөзді кейін емес, жер басып жүргенде айту жүрегі жылы, ойы тұнық кімге де болса парыз екені анық. Шын сөзіміздің иесі, төл тума туындыларымен жұртына танылған, бұгінгі күндегі өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қарымды қаламгерлердің бірі – Қуаныш Жиенбай деп білеміз.

Біз студент кезімізде, Алматыда таныстық. Содан бері дос-бауыр болып келеміз. Қуанышымыз ортақ. Ол сайдың тасындағы іріктелген, пәтуалы сөз ұстаган құтхана, бұрынғы «Лениншіл жас», қазіргі «Жас Алаш» ұстаханасында шындалды. Әріптермен қолтықтаса жүріп бар мен жоқты басылым беттерінде айызды қандырып, айшықтап жүрді. «Мазасыз маусым, жаңбырсыз жаз» деген мақаласы күні бұгінге дейін естен кетпейді.

Журналистиканың қазанында жан алып, жан беріп жүрген Қуаныш Жиенбай саңылау тауып, «әп, бәрекелді!» дегізген көркем дүниелерді жариялай бастады. Бұл қыры биіктей берді. 1984 жылы «Жалғыз желкен» деген тұңғыш әңгімелер жинағын оқырманға ұсынды. Екі жылдан соң ол «Теніздең бір тамшы», тағы екі жылдан соң «Құлан жанарындағы ғұмыр» жинағына

жалғасты. Соңғы кітапқа редактор болғанымыз бар. Тұшынып оқыдық. Қылыштықтар тағдырлар бейжай қалдырмады. Үрдажық сойыл ұстагандар қысастықпен құлан мен қорықшыға қиянат жасайды. «...Осы құландарды бағып-қаққан кісі, міне, сенін алдында отыр» деп еңсесін тіктегендеге, шарбак сыртында мөлдіреп тұрған «Құлан жанарында Әbdіmomынның жүз ессе кішірейтілген суреті тұр. Бірде Әbdіmomынның көзі соған тұсті» дейді. Осы бір қасқағым сәт, қабырганы қайыстырап тұс, адамды адам түсінбей жатқанда жануардың қорықшыға тыптыр етпей телміруі қабырганды қайыстырады. Бұл қаламгердің бастау басындағы алғашқы тап басатын тапқыр шеберлігі десек, уақыт өте келе өзіне тән суреткерлікке жалғасты да кетті.

Иә, «Данқ тұрмесіпің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте», «Жер үстінде де жұмак бар», «Аполлон көбелегі». «Тоқта, өлемісің бе?!», «Құлан жанарындағы ғұмыр», тағы басқа туындылары қалың қазақтың сүйіп оқитын туындыларына айналды. Оған қалың оқырман қатарында: халқымыздың айтулы қалам қайраткерлері өздерінің оң бағасын беріп келеді. Дәйекке жүгінсек: «Осы жігіттің шығармашылығымен қоса адамгершілгіне де ішім жылиды» дейді ұлы Әбен, Әbdіжәміл Нұрпейісов. Абыз қаламгердің бұл айтқаны біздің де көкейімізде күйше күмбірлейді.

«Ән салуға әлі ерте» – бүгінгі күннің романы. Тәуелсіздіктің романы. Екі жұз бетке бәрі сыйып тұр» десе, қазақ әдебиетінің қазіргі корифейі Әкім Тарази, ал ұлттым, жұрттым, тілім деп тірлік кешіп, жалт етіп жалған дүниеден өте шыққан, философ, аяулы Амангелді Айталы: «Жаһандану үдерісіне бейімделе отырып, ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесін өткір қоюы – автордың тынымсыз ізденісінің нәтижесі» депті. Сол секілді журналист-жазушы Қуанышбай Құрманғали «Жер үстінде жұмак бар» деген романы туралы: «...расында да жұмак көкте де, жер астында да емес, кәдімгі өзіміз ғұмыр сүріп жатқан атамекенде екен» деген тұжырымын алға тарта отырып, шығарма түйінін тап басып айтады. «Ол Арап адамдарының боямасыз бейнесін әдебиетке әкелді...» дейді профессор Бауыржан Омарұлы.

Шынында, Арапды Жиенбайдан, Жиенбайды Арапдан бөліп қарай алмасақ керек. Ол бүкіл саналы өмірін, негізінен Арап тақырыбына арнап келеді. Теңіз тағдыры, онда күн кешіп жатқан тұрғындардың тыныс-тіршілігі, аты дардай болғанмен зардабы кейде екі бүйірден қысқанда Қорқыт қобызындай бебеулетіп жіберетін Байқоңыр жайы хикаяттар мен романдарының алтын арқауы десек, қателеспейміз. Осы арада Сергей Есениннің: «Енді қалған өмір тарихым – менің өлеңдерімде» деген түйіні ойға оралады. Бұл тұрғыдан келгенде, Қуаныш Жиенбайдың өмір-тарихы Арапмен астасып жатары хақ. Әдебиеттің ауылына ат байлаған соң, оның жүктөр жүгі, артар міндеті аз болмайды. Оған шыдасаң ғана мұратыңа жетесің. Шынардай бүр жарып, жапырақ жаясың. Осы жолға бекем бел байладап, «Жалғыз желкен» жетелеп келген қажырлы қаламгер Қуаныш Жиенбай – бұл күнде ондаған кітаптың авторы. Әдебиет сыншылары да, оқырмандары да оң бағасын беріп келеді. Ең бастысы, жазушы енбеккор. Соңғы кітабы «У мен Уылдырық» деп аталағы. Бұрын жарияланбаған тың туындылардан тұрады. Үш хикаят, он

сегіз әңгіме топтастырылған. Бұғінгі заманның ірімдеріне бойлап барып, қарапайым адамдардың бүтін болмысын, құбыла беретін қулардың пішінін, есебі үшін жалпаңдайтындардың бет-бейнесін шым кестедей келістіріп суреттеп береді.

Өз дәуірінің үнін, уақыттың сөзін, қарапайым жандардың таза болмысын табиғи таныммен, алда айтқан үш хикаят, бір шоғыр әңгімеде жеткізген Қуаныш Жиенбайдың «У мен Ұылдырық» кітабы Қазақ елінің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып отыр. Аламан бәйгеге ат қосу, үміт шоғын үрлеу өзіне сенген қаламгердің ғана қолынан келсе керек. Бірден айтайық: «Арал теңізінің жағалауында туып-өстім. Балалық шағым таудай толқындармен біте қайнасты... Үш айлық каникулды да түгелдей теңіз үстінде өткіzetінбіз... Әділдігіне жүгінгенде, барлық шығармаларымның өн бойында теңіз тақырыбы ерекше бой көрсетеді, не жағалаулық жерлестерімнің психологиялық ахуалы айшықты бояулармен суреттеледі» деп ағынан жарылған Арал тақырыбының ақберені аламанда алға озса, ол Жиенбайдың ғана емес, оқырманнның да, атамекенінің де, жағалаудан жылжымай отырған жүртттың да жеңісі болар еді. Оның үстіне көзін ашқанда көрген таудай толқынды теңіздің тартылып бара жатқанын жан жарасы ретінде қабылдап, әк шағаласындаш шарық ұруын, қайтсек қалпына келтіруге болады деп, кейіпкерлері арқылы толғану, сөйтіп топ жарып сөз айту, ерлікке пара-пар тірлік емес пе?

Таудай толқын дегенде, әлем таныған Ә.Нұрпейісов: «Туған жер» деген көсемсөзінде пошташы мыршай сары шал: «Уай, не білдіндер, Арал тартылатын болыпты ғой. – Тұла бойым түршігіп кетті... Қалтырап кеткен қолымды газетке создым... Жиырма жылдан кейін Арал теңізінің тартылатынын дәлелдепті... Осы шын ба? Шын болса – жақсылық па? Халық бұнан ұта ма, ұтыла ма? – деп ойладым.

Арал жайында біраз нәрсе білуші едім: басқасын қойғанда бұл Арал – суында оттегі көп дүние жүзіндегі жалғыз теңіз. Бекіре мен қаяз Совет Одағында екі-ақ теңізде – Атырау мен Аралда ғана бар. Балтық теңіздегі атышулы салаканы қазір Аралда өсіре бастады. Гажабы: Арал суында өскен салакалар өзінің атамекеніндегі салакалардан екі есе ірі болып шықты», – дейді.

Бұл ұлы тұлғаның суреткерлігімен берілген кешегі Аралдың ақжал толқынын көз адына әкелсе, бүгінгі аралдық «Жұмабектің... бойын әлсіздік билейді... Басының ауған жағына лағып кеткісі келеді. Бірақ қайда барады? Төнірегі ысылдаған еспе құм, сәл жел көтерілсе көз аштырмайтын құм борасын. «Бұрын бұл аймақ шалқыған теңіздің орны болатын-ды». Бұл – бүгінгі Жиенбай кейіпкерінің көңіл наласы. Бұл – Арал деп өткен абыз Әбен мен Жиенбайдың ақиқат сөздері.

Жиенбай бұл ақиқат сөздерді ендігі жерде аттан-айғаймен емес, кейіпкерлерінің қам-каракетімен, жан дүниелеріндегі қылыш оқиғалармен беріп отыруды мақсат етіпті. Бұл «У мен Ұылдырық» жинағындағы үш хикаятта айқын көрініс тапқан.

Мәселен, «Оны мазаламаңыздаршы...» хикаятындағы Жұмабек қарапайым азамат болғанмен жан дүниесі жарық, он саусағынан өнер тамған өрен.

Екінші топтағы мүгедек, бірақ көкірегі ояу жан. Керекті құрал-сайманы түгел мұнтаздай шеберханасында кем көзін қорғаштап қаңылтыр дәнекерлеумен айналысады. Көзі бұлдырағанымен әр істің нобайын көңіл көзімен ажыратып отырады. Содан да болар, құм суырған өлкеде өзіндік тірлігімен біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, тасымаса да жасымайтында құн кешіп келеді. Ақырында, құн-тұн ұйқы көрмesten жанталасып, табиғатқа жаны ашымайтындардың санасын сelt еткізерліктей, теңіз жағасына ғаламат ескерткіш орнатсам деп армандайды.

Құм үйірген құм төбе, карт адамның салалы саусақтары – сұмдық сурет, кезінде күс-күс болып еңбек еткен тамыры адырайған он саусақ осы күйге қалай түсті, табиғат ананы осынша тәрк еткендерің қалай деп көзге шүқығандай елес береді. Бұл жобаға әлемге аты мәшһүр, грузин мұсіншісі Зураб Церетели атындағы қор көңіл аударады. Экологиясы өте қыын өнірде өмір сүріп жатқан қарапайым қазақтың қолынан шыққан құндылыққа шын риза болып, «Бұл жоба өмірге келсе, табиғатқа жанашырлықтың жаһандық үлгісі осы болар еді!» деп хат жолдайды. Аудан әкімі Айтұғановтың эйелі Жұмабектің үлгісін үйренгендер жіптей түзу болып, шеберлікті керемет менгеретінін айтып, өнер институтында оқитын ұлын соның тәрбиесіне берсек деп құлақ құртын жейді. Ол тілегін орындағының түп тамырында да өз есептері үшін тұнғызық ой жатқаны анық.

Енді ескерткіштің ашылуы алашапқынға айналады. Бастықтар ашылу салтанатында мұсіншіні жетелеп жүру арға сын, Жұмабектің көзіне ота жасату керек деп шешеді. Ол орындалып, дәнекерлеушінің жанары шырадай жанады.

Портты жағаға халық көп жиналады. Ұлы теңіздің куәгерлері де қатысады. Ағыл-тегіл желдей есken сөз айтылады. Қарапайым еңбек адамы мықты мұсіншіге айналды дегенде талайлардың таңдайлары тақылдайды. Ақырында, ескерткіш авторы біреу емес, үшеу болып шыға келеді. Олар: Жұмабек Исағалиев, әкімнің ұлы Ришат Айтұғанов, үшіншісі әйтеуір біреу. Оны естігенде Жұмабек есінен танғандай күй кешеді: «... Қарамды батырып жоғалайын» деп жылыстап кетеді. Ендігі сөз шебердің өзіне беріледі дегенде, ол сол маңнан кетін қалған еді. Шараның сәні, сөздің нәрі мұсінші Жұмабекке тиесілі емес пе деген ақпарат құралдарының өкілдері оны жан ұшырып іздейді. Үйіне іздел келгенде ұлы Дәүқара сыртқа шығып, журналистерге берген жауабы: «Ол кісіні бір жолға қинамаңыздаршы, мазаламаңыздаршы».

Бұл кезде Жұмабек көзіне ота жасаған дәрігерге телефон шалып: «Ана жолы сен бекер істедің, шырақ!.. Ешнәрсені көрмей, сезбей соқыр болып жүре бергенім жақсы еді. Маған сонысы ынғайлыш еді. Сен бекер істедің», – деп өзегін өртеген өкінішін айтып жатады.

Қоғамдағы жалғандық, асыра сөйлеу, көпіртіп мақтау, таза енбекті біреулердің пайдаланып кетуі – оның жанын қинайды. Сау көзбен оны көру қиянат секілді арлы адамға. Міне, хикаяттың негізгі түйіні: шын өнерлі мен өнерсізді қатар қойып, халықты алдауга болмайды дегенге келін тіреледі. Ен бастысы, ұлы теңіздің адамдары көздерің көріп тұрған ақиқаттан

аттамандаршы, бірінді-бірің алдамандаршы, онсыз да құм көшкініне айналған Арал өнірінің ертеңіне шындық тұрғыдан көз салайық дегенді темірқазық етін алады.

Қоғам дейміз, сол қоғамның билеушісі – адам. Адам мен қоғам үрпақ алдындағы қарызы мен парызын адал атқарса, кетік бітеледі, кем толады. Адам құны арзандамайды, жемқорлық, сыйбайластық тыйылады. «У мен Уылдырық» та осы кесел мен кесапат айтылады. Ақжал толқынды Арал жайы шөккен түйедей болғанда, Кіші Аралды да нарық, бизнес деп жәуекемдеп жатқандардың айла-шарығы жон арқасын аяздай қарыған Есберген үлкен қаланың көркем жерінде тұрса да: «Ата-бабамның иісі сіңген қақыра тамнан артық жайлы қоныс көрін тұрғам жоқ», – деп Көнебөгендеге көшін келеді. Атқа мінгендер көнілін аулаған болады. Бұл не ізден келді дегендер де табылады.

Сол Есекең еліне келін, зерделеп көрсе, «бизнес» өршін тұр екен. Берекесіздік бел алған. Баяғыда теңіз толқып, балық шоршып жатқан ырғын заманда балық зауыты екеу, не үшеу болса, қазір алақандай ауылда бірнеше балық зауыты жұмыс істейді екен. Жабайы бәсеке. Ол отқа тұскендей күй кешеді. Бұлар болмаши теңізді құртып бітеді-ау, – деп шарасыздық танытады. Одан әрі шығарманың сюжетін сабактағанша, зерделі оқырманның өздерінің оқығандарына не жетсін! Он сегіз әңгіменің де көтерген тақырыбы сан сала: адамдық, адамгершілік, тәлім ісі, тәрбие жұмысы, рухани құндылық, халықтық қалып, жүрттық жоралғы дегендей. «Үрей» атты әңгімеде шын өлеңге еш кедергі кесірін тигізбейтінін алға тартады. Қанша жерден ізін андып, тосқауыл қоймаққа талпынғанмен, құпия мекеме қызметкерлерінің алдын ақын Мұратбек Шерәлиев таланттымен орап кете береді. Тіпті, поэзия кешінің соңында қалың оқырманның қатарында қолын алуға ұмтылыс жасайды. «Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім» деген екі жол ақиқаттың айғағы емес пе?!

«Тойдың төрағасы» туындысындағы Қылышбек пен бозбалалар арасындағы оғаш көрініс, бұған кім кінәлі деген сұраққа жауап іздейді. Ал «Қасқыrbайдың маҳаббаты» да қызықты оқылады. Қасқыrbай сүйген қызына сезімін жеткізе алмай сергелденде жүрген-ді. Батыс облыста гастрольде жүргенде Қасқыrbайдың қолын қасқыр қауып алады. Ол тұрып жатқан жұмысшылар жатақханасына Қәмила ізден келеді. Қызды көргенде Қасқыrbай төсегінен ыршып тұрады: «Ауыра ма? – деді Қәмила... – ауырады, әрине, сыртқа шықпаңыз. Суық тигізіп аласыз, сыртта жауын. – Нәп-нәзік алақанымен жараның орнын әлсін-әлсін сипап, ораулы қолды кеудесіне басты», – дейді.

«Риясыз көнілден шыққан ақиқат сөз ғана әмбені түгел риза ете алмақшы» деп, қара сөздің қас шебері Әбіш Кекілбайұлы айтқандай, көлемді кітапты парактап отырғанда адам жанының тамыршысы санатындағы Куаныш Жиенбайды әлімсақтан айтылып келе жатқан, ақиқаттың жаршысы, бүгінгі адам жанының инженері десек, жарасады. Өйткені оның бүкіл шығармашылығындағы туындыларының бәрі де өзі куә болған кешегі мен бүгінгі қоғамның артықшылығы мен олқы тұсы желі тартып, кейіпкерлер

бірін-бірі толықтырып отырады. Кейде бүгінгі өмір көріністері аз жазылады деп жатамыз. Сол бүгінгі тақырыпқа талмай, бұрылып кетпей табандап тұрып олжа салып келе жатқан талантты жазушы Қуаныш Жиенбай деп батыл айтуға қақылымыз. Бәйгеге түскен «У мен Уылдырық» бастан-аяқ сөзімізге дәйек деп білеміз. Ендеше, бүгінгі тақырыпты іздең, мән берсек Мемлекеттік сыйлықтың мәресінен Жиенбайдың бұл кітaby көрінеді деген сенімдеміз.

**Сұлеймен Мәмет**